



Баймағанбетов Қажыболат
1912 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауылы Байғабыл
ауылында дүниеге келген. Ашаршылық жылдарында
Қостанай облысының Пешков ауданы Пешков ауылына
қоныс аударыпты. Әскерге 1941 жылы аттанған.

Сталинградты қорғауға, Воронеж, I Украин, I Белорусс майдандарында болып, Дон өзенін, Донец селосын, Днепр, Оскол, Бук, Сан, Висла операцияларына қатысқан. 1944 жылы Студебеккер машинасы берілген, жүргізуші болған. Одер өзенінен өту кезінде батылдык көрсетіп, жауларды тізе бүктіргені үшін Қызыл Жұлдыз орденіне ұсынылған. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Сталинградты қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен И.В.Сталиннің Алғыс хатымен 2 рет марапатталған. Соғыстан елге аман оралған соң 1945-1975 жылдар аралығында Аманкелді ауданында жүргізуші болған. 1975 жылы 63 жасында қайтыс болған.



